

**К. Байсейітова атындағы ҚазҰӨУ-нің дарынды балаларға
арналған мамандандырылған мектеп-интернатының
«Дәстүрлі ән»
мамандығы бойынша оқуға қабылдау талаптары
5-9 сыныптар**

Талапкердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Талапкер ҚазҰӨУ мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернатына қабылдау ережелерімен танысу қажет.

Ережелер ссыла kaznu.edu.kz

Талапкердің музыкалық білімі болуы міндетті емес.

Музыкалық сауаты болмаған жағдайда да қабылданады.

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

1.1. Мамандық:

«Дәстүрлі ән салу» мамандығына оқуға қабылдау үшін дауыс мүмкіншілігі мен домбыра аспабында ойнауы, ырғақ, есту қабілеті жоғары болуы қажет. Орындалатын әндер дауыс диапазонын, домбыра шерту шеберлігін көрсетуі қажет. Сонымен қатар орындалатын репертуары:

- Халық әнінен бір әні
- Өз қалауы бойынша бір ән

1.2. Коллоквиум

Коллоквиум – музыкалық орындаушылық саласында білімді тексеру формасы:

- орындалған шығармалардың авторлары туралы айтып, мазмұндау;
- мәдениет пен өнер салаларындағы сұрақтар.

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН- СОЛЬФЕДЖИО

3. ЖІІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

- *Қандай ән орындаған дұрыс?*
- Өз таңдауыңыз бойынша қалаған әнді орындауға болады
- *Домбыра аспабында ойнай алмаймын, бірақ ән айтамын, «Дәстүрлі ән салу мамандығына түсе аламынба?*
- Иә, түсе аласыз.
- *Мен домбырада ойнаймын, бірақ ән айта алмаймын, «Дәстүрлі ән салу мамандығына түсе аламынба?*
- Жоқ, түсе алмайсыз.
- *Арнайы музыкалық білімім болмаса оқуға түсе аламын ба?*
- Иә, түсе аласыз.
- *Коллоквиум билеттер бойынша өтеді ме?*
- Жоқ, коллоквиум сұрақтарын комиссия ерікті түрде қояды.